

Бүгінгі көзқарас – «Дыбыс операторы» пәндік-циклдік комиссиясының әлеуеті.

Байжанбаев Жандос Айдарович



2024 жылы Петр Чайковский Алматы музыкалық колледжінде Байжанбаев Жандос Айдарұлының бастамасымен «Дыбыс операторы» бөлімі ашылды

Талантты ұйымдастырушы әрі жас болашағынан зор үміт күттіретін бөлімнің педагогикалық-шығармашылық жоспарларының идеялық дем берушісі болды.

1999-2003 жылдар аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Концертмейстер» «Орган» (қосымша) мамандығы бойынша бітірді.

2002-2004 жылдар аралығында Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы «Дыбыс Режиссері» мамандығы бойынша Кино, Теледидар және Радио факультетінің түлегі.

Еңбек жолы:

2002-2004 жылдар аралығында Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық Опера және Балет театрында еңбек етті.

2004-2007 жылдар аралығында ТРК «ТАҢ» телекомпаниясында еңбек етті.

2019-2021 жылдар аралығында Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында мұғалім болып қызмет атқарды

2021-2024 жылдар аралығында Қазақ ұлттық Өнер Университетінде (Шабыт) мұғалім болып еңбек етті.

Әбухас Фараби Ағағалиұлы

2024 жылдың қараша айынан бастап бүгінгі күнге дейін бөлімді Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының түлегі Әбухас Фараби Ағағалиұлы басқарып келеді.

2011-2015 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы Саз колледжін «Хорда дирижерлау» мамандығы бойынша бітірді.

2016-2021 жылы Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясын «Музыкалық дыбыс режиссері» мамандығын үздік тәмамдап күні бүгінге шейін осы салада қызмет атқарып келеді.



Еңбек жолы:

2018-2021 жылдар аралығында «Алатау дәстүрлі өнер театры» сахнаны дыбыспен жабдықтау бөлімінде қызмет атқарды

2021-2024 жылдар аралығында Қазақ Ұлттық Өнер Университеті колледжінде мұғалім болып еңбек етті.

Әбухас Ф.А. көптеген оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізіп қана қоймай, концерттік қызметпенде колледж қабырғасын белсенді айналысты. Колледждегі айтулы іс-шаралардан бөлек, республикалық облыстық конкурстарда таңдаулы іс-шараларда өзінің кәсіби шеберлігін көрсете білді.

«Дыбыс операторы пәндік-циклдік комиссиясы»

«Дыбыс операторы» пәндік-циклдік комиссиясы 2024 жылдың қыркүйе айында жеке буын ретінде бөлінді. Жоғары оқу орындарында «Музыкалық дыбыс режиссері» және «Кино және телерадио хабарларын тарату дыбыс режиссері» мамандығына дейін өзінің кәсіби даярлығынан әрі арттыру перспективасы бар буын ретінде, қазіргі уақытта бөлім «Дыбыс операторы» орта буын мамандарын даярлауда

«Дыбыс операторы» мамандығын біз таңғажайып әрі жан-жақты дамыған мамандықты игерудің негізгі және басты дайындық кезеңі ретінде қарастырамыз. Күн сайын тәжірибелі және жас мамандар біздің болашағы зор еліміз үшін осындай құнды кадрларды даярлау мақсатында орасан жұмыстар атқаруда. Білім алушылар осы еңбекті бағалайды, және өздері таңдаған мамандықты саналы түрде түсіне отырып, барлық қажетті тапсырмалар мен талаптарды орындайды. Оқу процесі техникалық жоспардың да, шығармашылық бағыттың да теориялық білімдерін игеруді қамтиды. Білім алушыларды заманауи әлемде қолдана алу үшін барлық дерлік білім мен дағдыларды бойына сіңіреді.

Өздеріңіз білетіндей, «Дыбыс операторы» қазіргі әлемнің ажырамас бөлігі болып табылады және оны асыра бағалау мүмкін емес. Бұл мамандар өздерінің шығармашылық идеялары мен ойларын жүзеге асыру үшін жұмыс істейтін кез келген құрылымға қажет, онда дыбыс операторы өз ісінің маманы ретінде кәсіби көмектің толық спектрін көрсете алады.

Ел басының қолдауымен «Креативті индустрияны» қолдау бойынша бірқатар шаралар қабылданды, шығармашылық әлеуеті дамыған жастардың жалпы шығармашылық идеяларды да, өзіндік идеяларды да жүзеге асыру және іске асыру бойынша перспективалары өте зор. Олардың мамандыққа ынтызарлығы және бойларында осы қасиеттердің дамығандығы «Дыбыс операторы» - пәндік-циклдік комиссиясы бөліміне түскеннен кейінде байқалып тұрады.

Студенттердің шығармашылық және техникалық ойлауын жүзеге асыру үшін «Дыбыс операторы» пәндік-циклдік комиссиясы бөлімінде барлық қажетті ресурстар мен техникалық базаға ие.

Білім алушылардың бүгінгі дайындығы – ұстаздар қауымының өз әлеуетін толық арнап, ұзақ мерзімді үлестері, олармен тынбай бөлісуі.

Заманауи дыбыс операторы – қазіргі Қазақстанның музыка индустриясының болашағы.

